



*Алматы облысы,
Кербұлақ ауданы,
Майтөбе ауылы
Биология пәнінің мұғалімі:
Мұратбек Сауле Мәлікқызы
Білімі: жоғары*



www.dreammood.ru

Сабақтың тақырыбы:

**Қанның құрамы және
қасиеттері**



Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

Оқушылардың қанның құрамы мен қасиеттері туралы оқып, үйрену

Дамытушылық:

Қан тіршілік көзі екендігін, қоректендіру қызметін атқаратындығы дене температурасының тұрақтылығын сақтайтыны туралы түсініктерін кеңейту

Тәрбиелік:

Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру

Сабақтың түрі: *Аралас сабақ*

Сабақтың әдісі: *сын тұрғысынан ойлау
технологиясының стратегиялары,
сұрақ-жауап, зертханалық жұмыс,
кластер*

Іәнаралық байланыс: *Қазақ тілі, әдебиет*

Көрнекілігі: *интерактивті тақта, микроскоп,
микропрепарат*

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру:

*Сыныпты жинақтау, түгендеу,
Сабаққа көңілдерін аудару,
Сыныпты топқа бөлу*

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ КЕЗЕҢІ

Тарам-тарам бір салам,
Айқыш –ұйқыш шырғалаң
Толған ағыс тоқтаса,
Жоғалады бір адам.

Жанды мотор сынбайды,
Күні-түні тынбайды,
Кейде оның жүрісін
Дәрігерлер тыңдайды\



ОЙ ШАҚЫРУУ КЕЗЕҢІ



Биологиялық диктант

1-топ

1. Организмнің ішкі ортасы деп.....

*\қан, лимфа, жасуша сұйықтығын \
атайды.*

2. Қан организмдегі.....

\дәнекер ұлпаға

жатады

2-топ

1. \қан\

сұйық бөліктен плазмадан және онда қалқып жүретін формалы элементтер:.....

/эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттерден/
тұрады.

2. Адам организмде қанның жалпы қалыпты мөлшері \5 л\ бұл шамамен ,
оның денесінің.... \7%\ құрайды

3-топ

1. Қан плазмасының көлемі
ал формалы элементтер үлесіне
барлық қанның \55%-60%\
көлемі келеді.
2. \40%-45%\
түзіліміне акшыл сарғыш түсті
сұйықтық болып табылады.






Жаңа сабақ.

Мағынаны тану.

Зертханалық жұмыс №8

**Адам және құрбақа қанының
микроскопиялық құрылысы**



Бекіту кезеңі

Сәйкестендіру тесті

1.Қан

2.Эритроциттер

3.Лейкоциттер

4.Тромбоциттер

5.Гематолог

6. Гемофилия

7. Гемоглобин

8. Фагоциттер

9. Глобулин

10. Қолқа

1.оттекті тасымалдайды

2. Қан ұйымайтын ауру

3. Қанның қызыл түсті жасуша

4. Ақ түсті ядролы жасуша

5. Организмнің айнасы

6. Қан ауруын емдейтін дәрігер

7. Плазмадағы белок

8.Қан ұйытқыш жасуша

9. Ең үлкен артерия

10. Обыр жасуша

Графикалық диктант.

(+) дұрыс жауап, (-) қате жауап

1. Қан ағзаның ішкі ортасы

2. Ағзада қалыпты жағдайда 5 л қан болады

3. Қан эпителий ұлпасына жатады

4. Гемоглобиннің негізгі қызметі оттекті және көмірқышқыл газын тасымалдау

5. Эритроциттер қанның түссіз жасушасы

6. Эритроциттердің тіршілік ұзақтығы 120 күн

7. Лейкоциттер ядросы бар жасуша

8. Гемофилия тұқым қуаламайтын ауру

9. Лимфа айналымы тамырлар арқылы жүзеге асады.

10. Гемоглобин қанның түссіз пигменті

11. Эритроциттер қанды ұйытатан жасуша

12. Лимфа түйіндерінде ұлпа сұйықтығы залалсыздандырады.

13. қан 23 секунд ішінде 1 рет қан тамырларын айналып шығады .

Дұрысы: 1.2.4.6.7.9.12.13

IV. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР, ЖҰМБАҚТАР САЙЫСЫ

V. ҚАРАМА-ҚАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕР СТРАТЕГИЯСЫ

Қан аурулары

1. Анемия – қаназдық. Эритроциттер санының азаюы, оның құрамындағы гемоглобиннің төмендеуі.
2. Гемофилия – қан ұйымайтын, тұқым қуалайтын ауру.
3. Лейкемия – “аққан” қан обыры, лейкоциттердің қанда көбейіп кетуі.
4. Гипертония – қан қысымының жоғарылауы.
5. Гипотония – қан қысымының төмендеуі.

Жеке адамның сақтану шаралары:

- Әрбір адам өзінің жеке басының гигиеналық ережелерін сақтау керек.
- Салауатты өмір салтын ұстау
- Қан тапсырып, тексеруден өтіп тұру керек.
- Спортпен шұғылданып, таза ауада серуендеу қажет.

ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕРДІҢ АҒЗАҒА ПАЙДАСЫ

1	Кепкен өрік	Ағзаларға қуат береді
2	Жаңғақ, жүзім	Сергек жүруге, бас ауруын жазуға ықпал етіп, жүйке мен бұлшық еттерінің жұмысын жақсартады.
3	Бүлдірген	Бауырға тас жиналғанда күніне алты рет жарты стақаннан жеу керек
4	Апельсин мен лимон	Гипертония алғаш басталған кезде және әйелдер де кездесетін ауруларға бірден бір ем.
5	Сарымсақ	Қан аздығынан емдеуге қолданылады. Сондай-ақ ол ас қорытуды жеңілдетіп, ішектің қалыпты жұмыс істеуіне әсер етеді.
6	Картоп	Гипертониямен ауырғанда қабығымен пісірілген картопты аршымай жейді.
7	Долана	Гүлдер және жапырақтары дәрі ретінде жүрек ауруын емдеуге пайдаланылады. Ми тамырларын кеңейтеді. Жүрек пен миға оттегінің көбірек келуін қамтамасыз етеді.
8	Итмұрын	Кейбір түрлерінің құрамында апельсин мен лимоннан 10 есе көп дәрумен болады. Жеміс құрамындағы “С” витамині 2-ден 18% - ға дейін жетеді. Сондай-ақ Р, К және В тобының дәрумендері бар. Итмұрынның кептірілген 10-15 жемісі адамның тәуліктік мұқтаждығын қанағат тандыра алады.

VI. Эссе жазу

A Dreamy World

A man's dreams are an index to his greatness

VII. Қорытынды.

Адам қанының қай топқа жататыны арқылы да оның мінезін анықтауға болады.

Бірінші топ: Бұл топқа жататын адамдар жәгерлі, табанды, өмірдегі құбылыстарға көзін ашып қарайтын, шындықты ұнататын болып келеді.

Екінші топ: Сезімтал сәл нәрсеге көңілі қалғыш, сырттай қарағанда байсалды болып көрінгенімен, жүйкесі жұқалау, өзіне-өзі талап қойғыш.

Үшінші топ: Секемшіл, сенімсіздікпен қарайды, сары уайымға жиі салынады. Болған жайды көңіліне алмай, тез есінен шығарады.

Төртінші топ: Көздеген мақсатына жетуге ерік-жігерін аямайды.

№ Білемін

Білдім

Білгім келеді

A Dreamy World

A man's dreams are an index to his greatness

VIII. Үйге тапсырма беру

30-шы тақырыпты оқу

IX. Бағалау